



### ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРДЫҢ ҰСТАСЫ

8-БЕТ

Ғасырлардан жеткен дәстүрлі қол-өнерді көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аманат етіп келе жатқан ұста-шеберлердің еңбегі зор...

### АЙНАМКӨЗ



### ЭТНОӘШЕКЕЙ - НӘЗІК НАҚЫШ

9-БЕТ

Этностильдегі әшекей бұйым жасайтын Нүргүл Тұрмұханбетованың туындылары туралы сыр шертеміз.

### КЕРУЕН САРАЙ



### ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ ЖҰЛМАЙЫҚ, ҚЫЗҒАЛДАҚТЫ ҚОРҒАЙЫҚ!

16-БЕТ

Жауқазын - қар ерір-ерімстен адам баласының көзіне түсетін, назарына ілігетін көктемнің алғашқы гүлі...



# ORAL ÓNİRİ

№24<sup>(21521)</sup>

Жұма,

20 наурыз 2026 жыл

## Қадірлі

## Наурыз

# Батысқазақстандықтар! Ардақты ағайын!

Күн мен түн теңеліп, Жер-ана түлеп, тіршілік атаулы жаңарған, ырыс пен ынтымақтың алтын арқауына айналған Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Бұл мейрам - өткен мен келешекті жалғаған алтын көпір, ата-бабадан мирас болған салт-дәстүр мен рухани құндылықтардың жаңғырып, жаңа мазмұнмен толығын айрықша шағы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, Наурыз - халқымыздың рухани болмысы мен ұлттық құндылықтарын айшықтайтын ерекше мереке. Биыл Ұлыстың ұлы күні Ораза айтпен тұспа-тұс келіп, халқымыздың татулығы мен дәстүр сабақтастығын айқын көрсетуге сеп болып отыр.

Бүгінде өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты қарқын алып, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жобалар жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта да ел игілігі жолындағы бастамалар жалғасын тауып, әрбір тұрғынның тұрмыс сапасын жақсартуға баса мән беріледі.

Әз Наурыз әр шаңыраққа құт-береке әкеліп, жүректерге қуаныш пен үміт ұялатсын. Ынтымағы жарасқан елдің ырысы артып, бірлігіміз бекем болсын!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, толағай табыс тілеймін!  
Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

**Игі тілекпен:**  
**Нариман ТӨРЕҒАЛИЕВ,**  
**Батыс Қазақстан облысының әкімі**



## «Әріптестерге гүл сыйлайық!»

## Наурыз



Ұлыстың ұлы күні қарсаңында «Орал өңірі» газеті редакциясының қызметкерлері жылдағы игі дәстүр бойынша бір-біріне гүл сыйлады. Ұлттық мерекенің мәні мен мазмұнын терең түсінген әріптестер бұған дейін, яғни наурыз айы басталғалы «Ұлттық киім» айлығын жариялаған болатын. Енді кеше бір-біріне ізгі тілектерін айтып, өз қолымен өсірген бөлме гүлдерін сыйға тартты.

Бұл - жай ғана сыйлық алмасу емес, табиғатпен үндескен, мейірім мен ықыласқа толы ерекше дәстүр.

«Әріптестерге гүл сыйлайық!» акциясы аясында ұжым мүшелері алдын ала жеребе суырып, кімге кімнің сый жасайтынын анықтап алды. Әрқайсысы өздері баптап, күтіп өсірген гүлдерін жаңа иесіне табыстады.

Осымен оныншы жыл қатарынан ұйымдастырылған игі іс-шараға ұжымның үлкен-кішісі бірдей белсенді түрде қатысты. Газеттің бас редакторы Бауыржан Ғұбайдуллиннің бастамасымен жүзеге асқан бұл дәстүрді әріптестеріміз асыға күтеді. Шынында да, бұл игі дәстүрдің астарында терең мән жатыр. Гүл -

тіршіліктің, жаңарудың, көктемнің символы. Ал оны өз қолыңмен өсіріп, өзгеге тарту ету - жан жылуын бөлісу, табиғатқа деген жанашырлықты дәріптеу.

Осындай қарапайым, бірақ мағыналы бастамалар арқылы «Орал өңірі» ұжымы Наурыздың шынайы болмысын - татулық пен мейірімді, жаңару мен жақсылықты дәріптеп келеді. Бәлкім, дәл осындай шағын игі істер үлкен өзгерістердің бастауы болар. Ал гүлден басталған бұл дәстүр көңілдерге нұр сеуіп, қоғамға ізгілік дәнін егуді жалғастыра бермек.



**Ержан КАБДОЛЛИН,**  
Алғабас ауылдық округінің бұрынғы әкімі, еңбек ардагері, Ақжайық ауданы:

– Әлібек Байжанұлы Ақжайық ауданын басқарған кезде мен Алғабас ауылдық округінің әкімі ретінде ол кісімен қызметтес болдым. Бұл еліміздің өз тізгіні өз қолына тиген кезең болатын. Елде жашпай жұмыссыздық, зейнетақы, еңбекақы пәленбай айлап кешігіп, тұрғындардың тұрмыс деңгейі қатты төмендеген өте күрделі кезең еді. Міне, осы уақытта Әлібек Байжанұлының біліктілігі, пайым-парасаты, ұйымдастырушылық қабілеті, елмен етене байланысы, яғни тынымсыз еңбегі айқын көрінді. Соның нәтижесінде аудан жұртшылығының болашаққа деген, басшыға деген сенімі артты.

Кісілігі мен кішілігін қатар ұстап қарауындағы қызметкерлерді, басқа да әріптестерін өзімен тең деңгейде қарап, олардың пікірімен сана-сып жасаған жұмыс, шүкір, жемісті, нәтижелі болды. Сәтбаевтың төкаппарлығы жоқ, пандық көрсетпеген, ешкімнің сағын сындырмаған, ешкімге қылдай қиянат жасамаған көреген басшы болғанына бүкіл аудан жұртшылығы куә.

Ол ауданның елді мекендерін аралаған кезде тұрғындардың жағдайымен танысып, кездескен қиындықтардың уақытша екенін түсіндіріп, олардың ұсыныс-пікірлерін мұқият тыңдайтын. Шаруа айтып келген кісінің мәселесін мүмкіндігінше оңтайлы шешуге ұмтылатын. Әлекең қаржы-қаражат бейнелеп айтқанда, басқа тартсаң аяққа, аяққа тартсаң басқа жетпейтін сол жылдары біздің округ тұрғындарының өтініштерін ескеріп, Жаңақол орталау мектебін орта мектепке айналдырып, Тоған ауылында жаңадан кітапхана ашып, округке табиғи газ құбырын тарту үшін жобалау-сметалық құжаттарын даярлатқан еді. Мұндай жұмыстар аудан аумағында бірге-бірге қарқынды жүргізіліп, халықтың жағдайы біртіндеп жақсара түсті. Осылайша Әлібек Байжанұлы Ақжайық ауданының әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан үздіксіз ілгерілеп, біздің өңірдің іргелі аудандарының біріне айналуына жылдар бойы жүйелі үлес қосумен болды. Ол жігерлі ісімен, іске алымды, сөзге шалымды, ертеңін оза ойлайтын, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын қарапайым адами қасиеттерімен жадымызда өмір бойы сақталады.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ  
ИРРИГАЦИЯ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ  
СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
КОМИТЕТІ**

ММ 2026 жылғы 03 сәуірден бастап 10 сәуірге дейін ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде жұмыс жобасының «Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының Орал-Көшім суландыру және су құбыры жүйесінің Сәңкібай магистральдық каналын қайта жаңғырту» және «Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Айдархан магистральдық каналын қайта жаңғырту» қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. 2026 жылдың 06 мамырда сағат 11:00 БҚО, Ақжайық ауд., Жаңабұлақ а.о., Жаңабұлақ ауылы, М. Абаев к-сі 25В, әкімдігінің ғимаратында «Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Бітік су қоймасын қайта жаңғырту» ҚОӘБ бойынша ашық отырыстар түрінде тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттамалар пакеті ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстардың ұлттық деректер қорының (ndbecology.gov.kz) веб-сайтында жүктелді.

**Жоспарланған қызметтің бастамашысы:** Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің су шаруашылығы комитеті РММ Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі әкімшілік ғимараты, эл.пошта: kense-kvh@mins.gov.kz, телефон: 8 (7172)74-11-39.

Бас жобалаушы: «Уралводпроект» ЖШС, БҚО Орал қ., Х. Чуринов к-сі, 119 НІ эл.пошта: urwodpr@mail.ru телефон: 8 (7112) 53-51-64.

«Қазсушар» РМК Батыс Қазақстан филиалы қолданыстағы «Шаған су қоймасының гидротехникалық тірегіш ғимараттары арқылы жер үсті ағынын» реттелетін қызметі бойынша тарифтік сметаға оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерістер енгізілетіні туралы хабарлайды.

Кәсіпорын уәкілетті органға 4,51 теңге/м³ мөлшеріндегі орташа босату тарифінің жобасымен өтінім берді.

Енгізілген өзгерістерге байланысты 2026 жылғы 1 сәуірден бастап жаңа тарифтер қолданысқа енгізіледі.

**Әленғали КЕРЕЙТЕГІ,**  
Орал шаһарының құрметті азаматы:

– Ұзақ жыл түрлі салада лауазымды қызмет атқарған Әлібек Сәтбаев Ақжайық ауданының әкімі болған кезінде де жемісті еңбек етіп, абыройлы қызмет атқарды. Мен

тар мен тапшылықтарын жоюға жұмсай білді.

Бірде Тайпақта бір жас келіншек егіз сәбиді өмірге әкелгенде, өзі арнайы барып құттықтап, телевизор сыйлады. Сол жанұяға үнемі қамқорлық жасап, тұрмыстық жағдайына көмектесіп отыруды ауыл әкіміне тапсырған болатын. Енді бірде ауыл әкімдерін жинап алып, малы жоқ, тұрмысы төмен отбасыларға қаржының көзін іздестіріп, жәрдемдесу жөнінде тапсырма берді. Соған орай 37 отбасыға 92 ешкі лағымен сатып әпердік. Олар сол ешкілерді сауып, балаларын қоректендіріп, сүтін шайларына қатық етіп, тұрмыстарын бірте-бірте оңалтып, әкімге алғыстарын жаудырды. Қасына кәсіпкерлерді ертіп жүріп, күнелтісі қиын отбасыларды жиі аралап, оларға қолма-қол көмек ұйымдастыратын-ды. Тайпақ ауылында қанша қиын кезеңдер болса да, Жеңіс күнінде жыл сайын аламан бәйге ұйымдастырып тұрады. Әлібек Байжанұлы уақыт тауып, соған да қатысушы еді.

Жоғарыда айтылғандай, жан-жақты қамқорлықты сезінген тайпақтықтар ешқайда үдере көшпей, аудан, ауыл басшыларының нақты қамқорлығын сезініп, жылы орындарын суытпады. Екі ауданның халқы бірлесіп, ортақ міндеттерді орындауға жұмыла еңбектенді. Сөйтіп, Әлекеңнің басшылығымен, жергілікті жұрт есін жиып «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бүгінде ынтымағы жарасқан Жұбан елі Ақжайық ауданының мақтаншына айналған халық болып, ғұмыр кешуде. Чапаевтықтардан біз, бізден олар үлгі алысып, арамызда берік ағайындық, бауырластық, бірауыздылық, өзгелерге үлгі боларлық сыйластықпен келе жатқан жайымыз бар. Нәтижесінде ортақ табысқа жетіп, ел Президентінің тапсырма, бағдарламаларын орындауда үлкен күш-жігермен еңбектеніп, халқымыз қуанышқа кенелуде. Сол жақсылық жалғасын таба бергей. Әлекеңмен бірге жұмыс істеген Д. Жақсыбаев, М. Жұматова, Ғ. Садыров тағы да басқа басшылық қызмет атқарған жерлестерімізге Жұбан елінің халқы дән риза.



Әлекеңді 1997 жылдан бері білемін. Сол жыл бұрынғы Тайпақ ауданының халқы үшін өте ауыр жыл болды. Жайықтың қос қанатын жайлаған, өңірімізде алғашқы құрылған аудандардың бірі жабылды. Оған қараған сегіз кеңшар облыстық мәслихат сессиясының шешімімен Қаратөбе, Теректі, Индер, Чапаев аудандарына таратылып, ту-талақай болатын хабарды естігеннен кейін, тайпақтықтар сеңдей соғылысып, есеңгіреп қалды. Наразылық танытқан жиындар жиі өтіп жатты. Төрт ауданға тарыдай шашылып кетпей, ең болмаса Чапаев ауданының қарамағына қосуды сұрап, халық жанұшырды, жанталасты, нақты ұсыныстарын айтып, дабыл қағып, нақты әрекеттерге көшті. Жоғарғы билік бұған да келіспей, жергілікті жұрт әбден сансырады. Дегенмен үзілді-кесілді қарсылық басылмады. Айналғанда халықтың орынды талабы ескерілді. Тайпақты Чапаев ауданына қосып, Ақжайық ауданы деп аталды. Осындай өліара шақта Әлібек Байжанұлына да оңай болған жоқ. Ол осынау алмағайып кезеңде өзін тәжірибелі іскер басшы екенін көрсете білді. Уақытының денін тараған аудан халқымен бірге өткізіп, халықтың мұң-мұқтажына ерекше көңіл бөлді. Әсіресе, тұрмысы төмен отбасыларға қолма-қол көмек ұйымдастырып, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеуді қарауындағылардан талап етті. Ең бастысы, сол қиын жағдайда жұмыс істеген ауыл әкімдерін, барша басшы-қосшыны қиындықты бөлісіп, нәтижелі жұмыс істеуге бағыттай білді. Сол қиын кездерде түрлі сала басшыларының халықпен бірлесіп жұмыс істеуге міндеттегеніне куә болдық. Әлекеңнің тұла бойында күш-қайрат, ертеңге деген сенімділік, асып-тасып тұратын. Сол қуат-қарымын қарапайым адамдардың күнкөрісіндегі қиындық-

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral\_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:  
Бас редактор Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН  
Нұртай ТЕКЕБАЕВ,  
Гүлсезім БИЯШЕВА  
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14. Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08. Жауапты хатшы 54-38-22. Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09. Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады. ① белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2. Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545. Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9175 4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**  
**А. ШОҢЫРАЕВА**  
Кезекші редактор: **Я. РАБАЕВА**

Газет ІР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылы 19 наурызда тіркеліп, ИКҚ249/Р100070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz